

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ДАУЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАТЫСУШЫ ҚҰҚЫҒЫ



М.А. ЕСТЕМИРОВ,
M.S. Narikbaev atyndagi
KAZGUU Universiteti
Азаматтық, кәсіпкерлік және
азаматтық іс жүргізу құқығы
кафедрасының аға оқытушысы
(Астана)

Бұл мақалада қатысушылардың заңды тұлғаны басқару органдарының шешімдерін даулау құқығының жекелеген қырларына назар аударылады. Автор мақалада басқару органдарының шешімдерін даулаудың коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандарының басым бөлігіне тән екендігін атап өтеді. Басқару органдарының шешімдері мен осы шешімдердің негізінде жасалынатын мәмілелердің өзара байланысы мәселесіне де мақалада көңіл бөлінген.

Түйінді сөздер: заңды тұлға, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қатысушы құқығы, басқару органының шешімі, мәміле, жалпы жиналыс, басқару органының шешімін даулау, талап қою мерзімі, ұсақ акционер.

Заңды тұлғаның қатысушысының (мүшесінің, акционерінің) осы заңды тұлғадағы басқару органдарының шешімдерін даулай алатындығы отандық заңнамада бекітілген. Атап айтқанда, «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағы 6)-тармақшасына сәйкес толық серіктестіктің қатысушылары заңда және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген өз құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқығы бар екендігі бекітілген.¹ Осыған ұқсас ереже жоғарыда аталған заңның 27-бабында сенім серіктестігіне қатысты да бекітілген.

Заңды тұлғаны басқару органдарының шешімдеріне қатысушылардың дау айту құқығы өзге елдердің де ұлттық заңнамасынан көрініс тапқан. Мысалы, көрші Ресей Федерациясының 1998 жылдың 08 ақпанындағы № 14-ФЗ «Жауапкершілігі шектеулі қоғамдар жөніндегі» заңының 43-бабы, «Қоғамды басқару органдарының шешімдерін даулау» деп аталады.²

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220 Заңының (бұдан әріде – ЖШС туралы заң) 11-бабының 1-тармағының 6)-тармақшасына сәйкес

© М.А. Естемиров, 2018

¹«Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы №2255 Заңы // URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002255_ (26.06.2018).

²Федеральный закон РФ «Об обществах с ограниченной ответственностью» от 08.02.1998 N 14-ФЗ (последняя редакция) // URL: // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_17819/911e3e7bcfeaf9428a5b7a5521f8b26d33ba8345/ (26.06.2018).

заңда және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне ЖШС қатысушыларының сот тәртібімен дау айтуға құқылы екендігі бекітілген.³ Ал, ЖШС туралы заңның 50-бабында келесідей мазмұндағы ереже бекітілген: «Жалпы жиналысты өткізу мен шешімдер қабылдаудың осы Заңмен, серіктестік жарғысымен немесе серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге құжаттармен белгіленген тәртібін бұза отырып қабылданған жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін, сол сияқты жалпы жиналыстың заңға не серіктестік жарғысына қайшы келетін шешімін, соның ішінде серіктестікке қатысушының құқықтарын бұзатын шешімін, дауыс беруге қатыспаған немесе дау туғызған шешімге қарсы дауыс берген серіктестікке қатысушының арызы бойынша сот толық немесе ішінара заңсыз деп тануы мүмкін. Мұндай арыз серіктестікке қатысушы қабылданған шешім туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде, ал егер ол шешім қабылдаған жалпы жиналысқа қатысса, онда жалпы жиналыстың бұл шешімді қабылдаған күнінен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін».

Алдымен, жоғарыда аталған даулау мерзіміне көңіл бөлелік. Бұл тұста құқығы бұзылған қатысушы, жалпы жиналыстың шешімін жарамсыз деп тану талабымен жүгінуге арналған алты айлық мерзімді өткізіп алған ретте, аталған мерзімді қайта қалпына келтіруге болады ма, деген сауал туындайды. Сот практикасы аталған мерзімді қалпына келтіруге болады, деген ұстанымды басшылыққа алуда. Мысалы, Алматы облыстық сотының кассациялық сот алқасының 2011 жылдың 16 маусымындағы № 2к-303/2011 қаулысы.

Келесі кезекте, жарғылық капиталдың ұсақ мөлшеріне ие қатысушының осы құқықты жүзеге асыра алу мүмкіндігіне тоқталсақ. Бұл тұста, үлесі аз қатысушының жалпы жиналыстың шешімін даулай алу мүмкіндігіне қатысты отандық сот практикасында орын алған мына бір іске назар аударалық. Атап айтқанда, Алматы облыстық мамдандырылған ауданаралық экономикалық сотының (*бұдан әріде – экономикалық сот*) 2009 жылдың 10 тамызындағы № 2-826/2009 шешімінде «Талдықорған жолдары» ЖШС жарғылық капиталының 2% үлесін иеленетін қатысушының жалпы жиналыстың шешімін даулаған талабы сипатталады. Бұл істе сот, аталған қатысушының талабын қанағаттандыру жайлы байламға келеді. Дегенмен, бұл сауалға қатысты отандық сот практикасын зерделеу өзге де байламдардың жасалғандығын көрсетуде. Мысалы, Астана қаласындағы экономикалық соттың 2011 жылдың 05 қыркүйегіндегі N 02-4337-11 шешімінде 4% акцияны иеленетін акционердің келмеуінің не қарсы дауыс беруінің шешімді қабылдау барысында елеулі ықпалы болмағандығына сілтеме жасап, талапты қанағаттандырудан бас тартады. Ұсақ үлеске ие қатысушының (акционердің) басқару органдарының шешімдерін даулай алу мүмкіндігіне қатысты жоғарыда сипатталған қос істе, әралуан екі байламның жасалғандығын көреміз. Сол себепті, бұл мәселеде ортақ ұстаным қалыптастырылып, отандық құқыққолдану тәжірибесіне ұсынылғаны жөн.

³«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220 Заңы // URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000220_ (26.06.2018).

Сонымен бірге, соңғы сипатталған істен басқару органдарының шешімдерін даулай алу мүмкіндігінің акционерлік қоғам акционеріне де берілгендігін аңғарамыз. Шындығында, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 14-бабының 1-тармағы б)-тармақшасына сәйкес акционердің қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға құқылы екендігі бекітілген.

Өндірістік кооператив мүшесі де осы кооперативті басқару органдарының шешімдеріне дау айту туралы құқықты қолдана алады. Мысалы, «Өндірістік кооператив туралы» ҚР заңының (*бұдан әріде – ӨК туралы заң*) 19-бабының 5-тармағында «Өндірістік кооператив мүшелері кооперативтің басқару органдарының шешімдеріне сотқа шағым жасауға құқылы» екендігі бекітілген. Алайда, өндірістік кооператив мүшелерінің кооперативті басқару органдарының қабылдаған шешімдерін жарамсыз деп тану туралы талаптарымен қандай мерзім аралығында жүгінуге тиістігі жайлы сауалға ӨК туралы заңда жауап берілмеген. Сол себепті, отандық сот практикасында аталған мәселені ҚР Азаматтық Процесстік Кодексінің 29-тарауын қолданып, атап айтқанда 294-бабының 1-тармағында бекітілген үш ай мерзімі ішінде талап қоюы тиіс деген ережеге сілтеме жасап, мәселені шешу талпыныстары орын алуда. Мысалы, Алматы қаласының экономикалық сотының 2017 жылдың 10 сәуіріндегі № 7527-17-00-2/32, Маңғыстау облысының экономикалық сотының 2017 жылдың 24 қазанындағы № 4712-17-00-2/1979 шешімдері. Бұл ретте, тараудың атауындағы «ұйымдар» сөзінің коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды да қамтитындығы жайлы пікірлерде білдірілуде. Алайда, ҚР АПК 293-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес корпоративтік дауларға қатысты 29-тараудың ережелерінің қолданылмайтындығы бекітілген еді. Сол себепті, бұл тұста талап қоюдың жалпы мерзімі қолданылуы тиіс.

Ендігі кезекте, өндірістік кооперативтегі басқару органдарының шешімдерін даулау мерзімінің басталу сәтін сипаттайтын мына іске назар аударалық. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылдың 29 қаңтарындағы № 3 гп-41-14 қаулысында «Юнчи» ӨК мүшелерінің осы кооператив мүшелерінің 2008 жылдың 17 қарашасындағы жалпы жиналысының хаттамасын және кепіл шартын жарамыз деп тану туралы талаптарымен жүгінген. Төменгі сатыдағы соттар талапты қанағаттандырғанымен, ҚР ЖС төменгі сатыдағы соттардың байламымен келіспей, талапты қанағаттандырмау жайлы қорытындыға келеді. Өз байламын, ҚР ЖС кооперативтің атқарушы органының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес кез-келген мәміле жасаса алатындығына және мұның шекті мөлшерінің кооператив жарғысында көрсетілмегендігіне сілтеме жасай отырып, негіздеген. Сондай-ақ талап қою мерзімінің де өтіп кеткендігіне назар аударған. Бұл істе кооператив мүшелерінің ақпарат алу құқығының бар екендігіне және сол себепті, талап қою мерзімін кепіл шарты жасалған 2008 жылдан бастап есептеу керектігі жайлы пікір білдірілген.

Отандық сот практикасына жүргізілген талдау, басқару органдарының шешімдерін даулаудың коммерциялық ұйымдармен қатар, коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандарында да аса өзекті екендігін көрсетуде. Енді, осы пікірімізді қуаттай түсу үшін бірнеше істерге тоқталсақ.

Ақтау қаласының № 2 сотының 2011 жылдың 18 наурызындағы № 2-429/15-11 шешімінде сипатталған істе «Собственник» пәтер иелерінің тұтыну кооперативі

мүшелері осы кооперативтің 2009 жылдың 18 наурызында өткізілген жалпы жиналысының шешімін жарамсыз деп тану мәселесін көтереді. Алайда, «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР заңының 24-бабына сәйкес басқару органдарының шешімдеріне дау айтудың алты айлық мерзімінің өтіп кеткендігіне сілтеме жасап, сот талапты қанағаттандырусыз қалдырады.

Павлодар облыстық сотының апелляциялық сот алқасының 2012 жылдың 17 тамызындағы № 3а-1499-12 қаулысында М.Ж. Жумалин есімді тұлғаның «Иртыш-4» пәтер иелерінің тұтыну кооперативі жалпы жиналысының шешімін жарамсыз деп тану талабы сипатталады. Талапты қанағаттандырудан бас тарту барысында сот сілтеме жасаған дәйектердің бірі, мұнда талап қоюшының ғана мүддесі емес, сонымен бірге өзге көптеген тұрғындардың да мүддесі қозғалатындығы және олардың хабарсыз қалғандығы болды.

«Казахстанский ПЕН-центр» қоғамдық бірлестігіндегі дауға байланысты 2013 жылдың 2 сәуіріндегі Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының № 2-882/13 шешіміне тоқталсақ. Бұл дауда талап қоюшылар «Казахстанский ПЕН-центр» қоғамдық бірлестігіне тиесілі ғимараттың жеке кәсіпкерге сыйға тарту жайлы қоғамдық бірлестіктің шешімін және осы шешімнің негізінде жасалынған сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану туралы талаптарымен сотқа жүгінген. Осы ретте, сот қоғамдық бірлестікке тиесілі мүлікке билік етудің тәртібінің бұзылғандығына сүйеніп бірлестік мүшелерінің шешімін және осы шешімнің негізінде жасалынған сыйға тарту шартында ҚР АҚ 159-бабының 10-тармағына сілтеме жасай отырып, жарамсыз деп таниды.

Сипатталған бұл істерден басқару органдарының шешімдерін даулау мәселесінің коммерциялық емес ұйым санатына жататын жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандарда да өзекті екендігін және бұл құқықты жүзеге асырудың бірқатар тұстарының реттелмегендігін көреміз. Мысалы, басқару органының шешімін қатысушылардың бірі ғана даулауға талпыныс білдіргенде, өзге қатысушылардың талапқа қосылатындығы не қосылмайтындығы жайлы сауал басы ашық күйінде қалауда.

Жекелеген авторлар, құқықтар мен заңи мүдделерді қорғауда, құқықтық тұрақтылықты нығайтуда неміс заң шығарушысы нотариат институтының қуатын ұтымды қолданып жатқандығына назар аударады.⁴

Басқару органдарының шешімі мен осы шешімнің негізінде жасалған мәміле ұғымдарының өзара байланысы да аса қызықты мәселе. Атап айтқанда, шешімді мәміле ретінде тануға болады ма, деген сауалға қатысты әралуан ұстанымдар бар. Мысалы, С.С. Вилкин өзінің зерттеу еңбегінде заңды тұлғаны басқаратын алқалы органның шешімін біржақты мәміле ретінде қарастыру қажеттілігін айтады.⁵ Атап

⁴Шмиткель В. «Функции нотариуса в рамках корпоративного законодательства ФРГ на примере торгового реестра» // Сборник статей о праве Германии, выпуск № 1 (август 2015 г.). URL: www.dfv.org (26.06.2018).

⁵Вилкин С.С. Гражданско-правовая природа волевых актов коллегиальных органов юридического лица: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 – гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право. М., 2009. – 30 с. URL: http://www.law.msu.ru/doc/vilkin.pdf (25.10.2017).

айтқанда, 2017 жылдың ақпан айынан бастап отандық Азаматтық кодекске жарамсыз мәмілелердің маңызсыз және даулы деген жіктелуінің енгізілгендігі мәлім. Басқару органдарының шешімдерін мәміле деп алсақ, жоғарыда аталған маңызсыз және даулы мәміле жіктелуін шешімге қатысты қолдануға болады ма? Зерттеушілер арасында бұлған қатысты әралуан пікірлер бар. Кезінде В.И. Добровольский аталған жіктелуді басқару органдарының шешімдеріне де қатысты ендіруді ұсынған еді.⁶ Ал, А.В. Габов болса, шешім мен мәміле ұғымдарының ара қатынасы мәселесіне талап қою мерзімі тұрғысынан қараса, бұл сауалдың өзекті кейіпке енетіндігіне назар аударады.⁷ Сонымен бірге, аталған автор шешімді жарамсыз деп тану туралы талаппен жүгінуге мерзімі мен мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою мерзімдерін теңестіруді ұсынады.⁸ А.А. Маковская болса, акционерлердің жалпы жиналысының шешімін даулауға қатысты акционерлердің құқығы жайлы заң актілерінде бекітілгенімен, аталған шешімді жарамсыз деп танудың құқықтық салдарының назардан тыс қалғандығымен бөліседі.⁹

Отандық сот практикасында шешімді жарамсыз деп танумен бірге, қосымша осы шешімнің негізінде жасалған мәмілені де жарамсыз деп тану туралы талабымен жүгінген жағдайлар кездеседі. Мысалы, Алматы облыстық экономикалық сотының 2009 жылдың 10 тамызындағы № 2-826/2009 шешімі, Алматы облыстық апелляциялық сот алқасының 2010 жылдың 04 мамырындағы № 2а-649/2010 қаулысы. Сондай-ақ шешімнің жарамсыздығының мәміленің де жарамсыздығына ұласқан істер кездеседі. Мысалы, СҚО экономикалық сотының 2009 жылдың 07 желтоқсанындағы № 2-2291/09 шешімі. Дегенмен, шешімнің жарамсыздығының мәмілеге әсер етпейтіндігі жайлы да жасалған байламдар кездеседі. Мысалы, Алматы қаласындағы экономикалық соттың 2014 жылдың 28 шілдесіндегі № 02-9565/14 шешімі. Басқару органының шешімін жарамсыз деп танымай, бірден осы шешімнің негізінде жасалған мәмілені жарамсыз деп тануға болады ма? Отандық сот практикасы шешімді жарамсыз деп танымай тұрып, бірден шешімнің негізінде жасалған мәмілені жарамсыз деп тануға болмайтындығы жайлы жауап берген. Атап айтқанда, ҚР ЖС 2015 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 3гп-508 қаулысында кассациялық сатының шешімді жарамсыз деп танымай тұрып, мәміленің жарамсыздығы мәселесіне ауыса алмайтындығы жайлы пікір білдіргендігі келтіріледі. Жоғарыда сипатталған бөліктен, заңды тұлғаны басқару органының шешімі мен осы шешімнің негізінде жасалынған мәміленің ара қатынасының бүгінгі құқыққолдану тәжірибесі үшін аса өзекті болып тұрғандығын және құқыққолдану тәжірибесінде бірқатар сауалдар бойынша ортақ бір ұстанымды қалыптастыру керектігін көреміз.

⁶Добровольский В.И. Проблемы корпоративного права в арбитражной практике. М.: Волтерс Клувер, 2006. С. 95-96.

⁷Габов А.В. Сделка с заинтересованностью в практике акционерных обществ: проблемы правового регулирования. М.: Статут, 2005. С.136.

⁸Габов А.В. Там же. С. 182.

⁹Маковская А.А. Правовые последствия недействительности решений общего собрания акционеров и совета директоров акционерного общества // Недействительность в гражданском праве: проблемы, тенденции, практика: сб. ст. / под ред. М.А. Рожкова. М.: Статут, 2006. С. 351.

М.А. Естемиров: Права участника на оспаривание решений органов управления юридического лица.

В статье освещаются отдельные аспекты оспаривания решений органов управления участниками юридических лиц. Автор отмечает, что право на оспаривание решения органов управления присуще большинству организационно-правовых форм юридических лиц, как коммерческих, так и некоммерческих. Уделено внимание вопросам соотношения решений органов управления и сделок, совершаемых на основании этих решений.

Ключевые слова: юридическое лицо, товарищество с ограниченной ответственностью, права участника, решение органов управления, сделка, общее собрание, оспаривание решений органов управления, срок исковой давности, миноритарный акционер.

M. Yestemirov: Rights of the shareholder to challenge the decisions of the management of the legal entity.

This article highlights some aspects of challenging the decisions of the management bodies in a legal entity. The author of the article noted that the right to challenge the decision of the management bodies is inherent to the majority of legal forms of both commercial and non-commercial legal entities. Moreover, some attention was paid to the relationship between the decisions of management and transactions made on the basis of these decisions.

Key words: legal entity, limited liability partnership, rights of shareholder, decision of the management, the transaction, the General meeting, challenging the decisions of the management, the Statute of limitations, minority shareholder.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Шмиткель В. «Функции нотариуса в рамках корпоративного законодательства ФРГ на примере торгового реестра» // Сборник статей о праве Германии, выпуск № 1 (август 2015 г.). URL: www.drjv.org (26.06.2018).
2. Вилкин С.С. Гражданско-правовая природа волевых актов коллегиальных органов юридического лица: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 – гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право. М., 2009. – 30 с. URL: <http://www.law.msu.ru/doc/vilkin.pdf> (25.10.2017).
3. Добровольский В.И. Проблемы корпоративного права в арбитражной практике. М.: Волтерс Клувер. 2006. – 448 с.
4. Габов А.В. Сделка с заинтересованностью в практике акционерных обществ: проблемы правового регулирования. М.: Статут, 2005. – 412 с.
5. Маковская А.А. Правовые последствия недействительности решений общего собрания акционеров и совета директоров акционерного общества // Недействительность в гражданском праве: проблемы, тенденции, практика: сб. ст. / под ред. М.А. Рожкова. М.: Статут, 2006. – С. 351-385.

References (transliterated):

1. Shmitkel' V. «Funkcii notariusu v ramkakh korporativnogo zakonodatel'stva FRG na primere


torgovogo reestra» // Sbornik statej o prave Germanii, vypusk № 1 (avgust 2015 g.). URL: www.drjv.org (26.06.2018).

2. Vilkin S.S. Grazhdansko-pravovaya priroda volevyh aktov kollegial'nyh organov yuridicheskogo lica: avtoref. ... kand. yurid. nauk: 12.00.03 – grazhdanskoe pravo; predprinimatel'skoe pravo; semejnoe pravo; mezhdunarodnoe chastnoe pravo. M., 2009. – 30 s. URL: <http://www.law.msu.ru/doc/vilkin.pdf> (25.10.2017).

3. Dobrovol'skij V.I. Problemy korporativnogo prava v arbitrazhnoj praktike. M.: Volters Kluver. 2006. – 448 s.

4. Gabov A.V. Sdelka s zainteresovannost'yu v praktike akcionerных obshchestv: problemy pravovogo regulirovaniya. M.: Statut, 2005. – 412 s.

5. Makovskaya A.A. Pravovye posledstviya nedejstvitel'nosti reshenij obshchego sobraniya akcionerov i soвета direktorov akcionernogo obshchestva // Nedejstvitel'nost' v grazhdanskom prave: problemy, tendencii, praktika: sb. st. / pod red. M.A. Rozhkova. M.: Statut, 2006. – S. 351-385.



НОВЫЕ КНИГИ

Назмутдинов Б. В. Законы из-за границы: Политико-правовые аспекты классического евразийства: монография. М.: Норма, 2016. – 272 с.

ISBN 978-5-91768-776-6 (Норма)
ISBN 978-5-16-105315-7 (ИНФРА-М, online)

Автор работы впервые на теоретическом уровне исследует правовые и политические взгляды классиков евразийства (Н.С. Трубецкого, Н.Н. Алексева, Л.П. Карсавина и др.) в их взаимосвязи, проводит анализ правовых и политических понятий, использованных евразийцами, – «идеократия», «правообязанность», «демотия». Ключевое значение придается концептуальному аспекту политико-правовых воззрений евразийцев, а не их историософской, общеисторической, историко-правовой оценке развития Российского государства.

Работа адресована интересующимся историей политических и правовых учений, теорией государства и философией права, иными социальными и гуманитарными науками.

Сведения об авторе: Булат Венерович Назмутдинов – к.ю.н., доцент кафедры теории и истории права Национального исследовательского университета «Высшая школа экономики». Специалист в области изучения правовых и политических учений, евразийства 1920-1930-х гг.